



Шағын гранттарды іске асыру шеңберінде жүзеге асқан табысты кейстер жинағы

ҚР Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігі қолдауымен «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» КЕАҚ үкіметтік емес ұйымдарға мемлекеттік грантының «№37.Тарихи-мәдени мұра объектілерін сақтау жөніндегі «Birgemiz: Asyl mura» жалпыұлттық жобасын іске асыру» жобасы

«Даналық» қоғамдық қоры

Шағын гранттарды іске асыру шеңберінде жүзеге асқан табысты
КЕЙСТЕР ЖИНАҒЫ

Семей қаласы, 2023 жыл

Редакция алқасы:

Бас редактор: Төкішқадыров Б.Б.

Редакция алқасының мүшелері: Қайрат Д.Қ., Нұржан А.Н.,

Шағын гранттарды іске асыру шеңберінде жүзеге асқан табысты кейстер жинағы – Семей қаласы, 2023. - 38 б.

Мәдени-тарихи мұраны сақтау және дамыту, тарих, мәдениет ескерткіштері мен мемориалдық кешендерді қалпына келтіру және сақтау жөніндегі іс-шараларға волонтерлерді тартуға бағытталған шағын гранттарды іске асыру шеңберінде жүзеге асқан табысты кейстер жинағы

© «Даналық» қоғамдық қоры

Мазмұны

Бабалардың ізі қалған құпиялы мекен – АҚЫРТАС	4
Тарихта танымал Үкаша ата кесенесі.....	7
Менің өлкем.....	10
Бабадан қалған дана із	14
Білгенге маржан.....	18
Өз Елімізде із қалдырмай “Sayahattime” - Путешествую по стране без оставления следа.....	21
MobileHistory.....	23
Әбілқайыр хан кесенесіне апарар жол.....	25
Бүгінгінің көзі, ертеңгі күннің тарихы	31
Забытый батыр – Хаджимукан Мунайтпасов	34

Бабалардың ізі қалған құпиялы мекен – АҚЫРТАС

Ұйымдастырушы: «Асыл тілек» қоғамдық қоры

Жоба бағыты: археологиялық іздеу жұмыстарын жүргізу бойынша волонтерлік жобалар

Өңірі: Жамбыл облысы, Тараз қаласы

Жоба құны: 300 000 тг

Қамтылған волонтерлер саны: 41

Жоба жетекшісі: Ақпан Жамал Әлімқызы

Мақсаты: Республикалық маңызы бар мәдени-тарихи нысандарды насихаттау, ұлттық құндылықтарымызды дәріптеу. Жастардың бос уақытын тиімді пайдалану. Мемлекетіміздегі еңшелеп тұрған туризм саласын дамыту.

Мазмұны:

- Іс-шараның ашылу салтанаты: тарихшы, өлкетанушы, археолог мамандардың және БАҚ-өкілдеріне сөз беру;
- ЮНЕСКО – бүкіл әлемдік мұралар тізіміне енген тарихи нысанға экспедициялық сапар (Тараз қаласынан 40 шақырым жерде);
- Археология-өлкетанушы маманмен бірге зерттеу және барлау жұмысын жүргізу (Ақыртас сарай кешені, Қарауыл мұнарасы, Тас карьер, Хан сарайы);
- «Өз туған жерімнің – Өлкетанушысымын» атты дәріс оқу;
- «Тараз қолөнершілер қаласы» атты құмыра жасау өнерін үйрену және мастер-класс(арнайы мамандардың көмегімен @dalacrafts);
- Тарихи нысанға тазалық жұмыстарын жүргізу, туристік тартымдылығын арттыру (аумағы 2,5 шақырым);

Нәтижесі:

- «Асыл тілек» қоғамдық қорының басшысына сөз берілді және қатысушыларға «Асыл мұра» жобасының арнайы логотиптері бейнеленген бас киімдер естелікке берілді.
- ЮНЕСКО-ның қорғауына алынған Ақыртас сарай кешеніне экспедицияға аттанып, 11 кешеннен тұратын нысанға экскурсия жүргізілді.
- Республикалық «Ежелгі Тараз ескерткіштері» тарихи-мәдени қорық музейінің археолог-тарихшы маманы «Өз туған жерімнің – Өлкетанушысымын» атты дәріс оқыды. Дәріс барысында пікір алмасып, балалар Ақыртастың тарихы және құпиясы неде екені жайлы өз ойларын айтты.
- Іс-шараны толықтырған және балалардың асыға күткен шеберлік сағаты «Тараз қолөнершілер қаласы» атты құмыра жасау өнерін көрсетілді. Сонымен қатар балалар жеке жеке құмыра жасап өздеріне естелік ретінде алып кету мүмкіндігіне ие болды.

- Іс шара соңында барлығы тарихи кешеннің ішіне тазалық жұмыстарын жүргізіп, бабалардан қалған мұраның сақталу жолында өз үлесін қосатын ұрпақ шығатыны сөзсіз.





Тарихта танымал Укаша ата кесенесі

Ұйымдастырушы: «Жігерлі ел» Қоғамдық бірлестігі

Жоба бағыты: Тарихи орын Укаша кесенесіне тазалық жұмыстарын жасау, волонтер жастармен бірге кесене аумағын қалыпқа келтіру, көпшіліктің қолдауына ықпал ететін қоқыс жәшік орнату.

Өңірі: Түркістан облысы, Түркістан қаласынан солтүстікке қарай 45 шақырым жерде

Жоба құны: 300 000 тг

Қамтылған волонтерлер саны: 45

Жоба жетекшісі: Әбдінәбиева Ақмарал Қалмаханқызы

Мақсаты:

- Тарихи жеріміз Укаша ата кесенесін сақтау.
- Оның тарихын Өскелең жас ұрпаққа дәріптеу

Мазмұны:


• Әзірет Сұлтан қорық мұражайына хат жазып, қоқыс жәшігін қою туралы рұқсат сұрау;

- Ерікті жастарды керек-жарақпен қамтамасыз ету;
- Керек жбдықтарды сатып алу;
- Укаша ата кесенесіне тазалық жұмыстарын жүргізіп, қажетті заттарды әкелу;

• Екі қоқыс жәшігін орнату;

• Газетте жариялау;

Нәтижесі: Әзірет Сұлтан қорық мұражайына хат жазып, қоқыс жәшігін қою туралы рұқсат алынды. Жоба жетекшісі мен координатор ерікті жастармен кездесіп, Укаша ата кесенесін тазалық жұмысын жүргізуді ұйғарып, қажетті шығындарға сараптама жасады. 2023 жылдың шілде айының 31 жұлдызында жоба жетекшісі ерікті жастармен Укаша ата кесенесіне екі қоқыс жәшігін орнатып, демалушыларға арналған орындардың қоқыстарын теріп, сыпырып, тазалық жұмыстарын жүргізді.



Сауран ауданының мәдениет үйінде «Ауыл аманаты» жобасының алтыншы бағыты, тұрғындардың өз кәсібін ашу үшін Түркістан облысының шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне насихаттау жұмыстарын жүргізу мақсатында облыстық жұмысшы топ арнайы келіп, түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

«АУЫЛ АМАНАТЫ» ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕРГЕ ЖОЛ АШАДЫ

Жиналысты аудандық кәсіпкерлік және туризм бөлімінің басшысы Сұлтанғали Шакиров ашып, жүргізіп отырды. Жиналға Түркістан облысының кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы басшысының орынбасары Самат Қошқинбай, Өңірлік кәсіпкерлер палатасы директорының орынбасары Нұрбол Рысбаев, «Ырыс микроқаржы» ұйымының өкілі қатысты.

Жиналыстың күні тәртібіндегі мәселе бойынша жоғарыла аталған азаматтар жеке кәсіпкерлерге, шаруа қожалықтарына ауыл шаруашылығы бағытында қаржылай қолдау мақсатында «Ауыл аманаты» жобасының алтыншы бағыты бойынша несие алу жолдары мен тәртібін кеннен жан-жақты түсіндіріп өтті. Жыны барысында кәсіпкерлер, шаруа қожалықтары тарапынан көптеген сұрақтар қойылып, арнайы келген мамандар тиісті жауаптарын берді.

ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙДЫҢ АЛДЫН АЛУ МӘСЕЛЕСЕРІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Сауран ауданы әкімдігінің мәжіліс залында аудан әкімінің кеңесшісі Жолдас Мырзабековтің төрағалығымен қысқы маусымға дайындық шаралары, су тасқынының алдын алу бағытындағы мәселелер талқыланды. Жыныға төтенше жағдайлар бөлімінің мамандары, ауылдық округ әкімдері және тиісті сала басшылары қатысты.

Жыныға облыс әкімінің орынбасары мен аудан әкімінің төтенше жағдайдың алдын алу бойынша берілген тапсырмалардың орындалуы, ауылдық округтердің қысқы маусымға дайындығы, арық-ағыздарды кеңейту, құмдар мен қалыңдықтарды дайындау және су тасқынының алдын-алу бағытындағы тапсырмалардың орындалуы пысықталды.

САУРАНДА ОРТАҚ ЖАЙЫЛЫМДЫ ЖЕРДІҢ КӨЛЕМІ АРТАДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев пайдаланылмай жатқан жайылымдық жерлерді мемлекет меншігіне қайтару жөнінде нақты тапсырма берген болатын. Нәтижесінде мыңдаған гектарлы жерлер мемлекетке қайтып жатыр. Бұл шаруа үшін де, мемлекет үшін де тиімді. Ессеніе ортақ жайылымды жерлердің аумағы ұлғаяды. Сауран ауданында да жайылымның желісіне ауыл шаруашылығы саласы үшін өзекті мәселе болып отыр. Білік пен тұрғындар ортақ меншігіне келіп, тұрғындар өз жерлерін белгілі бір мөлшерін мемлекетке қайтарып жатыр.

Жаңа Икан ауылдық округіне қарасты елді мекендерде 29 жер иеленушілердің жалпы алаңы 3957,51 гектар жер үлесіне анықталып, ортақ жайылымға қайтару бағытында тиісті жұмыстар жүргізілуде.

Бүгінгі таңда Жаңа Икан ауылдық округінің тұрғындары Сәтібалдиев Юдашқа тиесілі жалпы алаңы 143,91 гектар, Сәтібалдиев Заирге тиесілі жалпы алаңы 92,76 гектар, Мехманов Елмуратқа тиесілі жалпы алаңы 131,18 гектар, жалпы аумағы 367,85 га жер үлескерінің өз еркімен мемлекет меншігіне қайтарды.

Жер – халықтың бірден бір қажеттілігі. Жерді халық ортақ игілігіне пайдалануы абзал. Ал, ауыл шаруашылығын дамыту үшін бірден-бір жолы – жайылымды игеру. Ел Президенті де сол үшін осы мәселеге маңыз беріп отыр.

«Сауран-ақпарат».

ТАРИХТА ТАНЫМАЛ - УКАША АТА КЕСЕНЕСІ

Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» КЕАҚ тапсырысымен «Даналық» қоғамдық қорының «Тарихи-мәдени мұра объектілерін сақтаудағы нақты мәселелерді шешуге бағытталған «Birgemiz: Ayl Mura» жалпы ұлттық жобасы аясында шағын гранттар байқауына қатысын Түркістан облыстық «Жігерді ел» қоғамдық бірлестігі «Тарихта танымал - Укаша ата кесенесі» тақырыбында шағын грант иелері атанды.

Шілде айының 31 жұлдызында жоба аясында Укаша ата кесенесіне екі қорық жасалып қойылып, тазауа жұмыстары жүргізілді.

Иті шарға өз үлесін қосуға ерікті жастар белсене қатысты. Тазалық табылдықтарын бастауға демекші, қасиетті кесене айналасын таза ұстау аса маңызды-ақ. Ойткені тазалық денсаулық келіп ғана емес, мәдениеттіліктің бастауы болып табылады.

Кесене шырақшысы жастардың бастамашылығы иті ісіне алғысын білдіріп, жастарға Укаша атамын тарихын баяндады. Бұл жобаның мақсаты да жастарды мәдениеттілікке, тарихи-құнды орындарды қастерлеу мен ұлықтауға тәрбиелеу, келіп жерлерді абитандаруға баулу болып табылады. Кесене айналасын жазып - желекке орау арқылы, зиярт етіп келушілерге салқын орын, таза ауа сыйлауға бағытталған.

ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙДЫҢ АЛДЫН АЛУ ЖҰМЫСТАРЫ ЕКШЕЛЕНДІ



Сауран ауданы әкімі аппаратының мәжіліс залында аудан әкімі Ғалымжан Үсенбаевтың төрағалығымен төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі комиссияның отырысы өтті. Жиналысқа аудандық төтенше жағдайлар бөлімі, ауылдық округ әкімдері және тиісті сала басшылары қатысты.

Комиссияның отырысында 5 мәселе қаралды. Атап айтсақ, аудан аумағында сейсмикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, аса құжатты аурулардың алдын алу шаралары, азаматтық қорғаудың құлақтандыру, байланыс жүйесімен халықты хабарландыру, суға шымылу маусымы мен төтенше жағдайлардың алдын алу мәселелері.

Күн тәртібіндегі 2 мәселе бойынша аудандық төтенше жағдайлар бөлімінің басшысы Мұхтар Қуанышбаев баяндама жасады. Баяндаманың мәлімдеуіне аудан аумағында 2023 жылдың басынан жергілікті орман шаруашылығы жерлерінде 1 өрт

оқиға, ал ауылдық округтерде 4 өрт оқиғасы тіркелген.

Өрт оқиғасы орын алғанда хабарласу схемасы бекітілген, соған сәйкес ақпарат алмасу алгоритмі жұмыс жасайды. Жазғы өрт қауіпті кезеңде ақпарат алмасуды ұйымдастыру үшін «Сырдария-Түркістан» мемлекеттік өңірлік табиғи паркімен орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі орман мекемелерімен радио байланыс орнатылған. М.Қуанышбаев өрт қауіпті кезеңінің басталуына орай, бөлім тарапынан алдын алуға және жоюға бағытталған ауқымды атқарылып жатқан жұмыстарды да қоса атап өтті.

Бұдан бөлек, аудан аумағында төтенше жағдайлар болмай, аудан әкімдігімен және басқа да құзырлы мекемелермен бірлесіп отырып, су айдындарында адамдардың суға кету қаупінің алдын алу мақсатында жүргізіліп жатқан жұмыстарына тоқталды. Жыл басынан бері 45 рейдтік жұмыстар жүргізілсе, 23 радиодан сөйлеу, 2 лед экран, «Судағы қауіпсіздік» тақырыбы бойынша әлеуметтік желілерде 6 бейнеролик орналастырылған. Сонымен қатар, шомылуға тыйым салынған су айдындарында тыйым салынған аумақтар мен тыйым салынған белгілер орнатылғанын мәлімдеді.

Жыны барысында аудан әкімі Ғалымжан Үсенбаев ауданға қарасты барлық ауылдық округ әкімдеріне төтенше жағдайдың алдын алу бағытында қауіп бар елді мекендерге тиісті жұмыстар жүргізуді тапсырып, тұрақты бақылауға алу қажеттігін айтып,

«Сауран-ақпарат».

МӘСЛИХАТТЫҢ БІРЛЕСКЕН ТҰРАҚТЫ КОМИССИЯЛАРЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ ӨТТІ

Сауран ауданы әкімдігінің мәжіліс залында VIII шақырылымдағы аудандық мәслихаттың бірлескен тұрақты комиссияларының отырысы өтті. Жыныды Сауран аудандық мәслихатының төрағасы Сержан Байсбаев ашып, жүргізді.



Комиссия отырысына Сауран ауданы әкімінің орынбасарлары Мақсат Тапатаров пен Серік Сәдібаев, аудандық мәслихат депутаттары, дербес бөлім басшылары, ауылдық округ әкімдері қатысты.

Сессияның күні тәртібінде 3 мәселе қаралды. Бірінші мәселе «Тұран Су» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының шаруа қожалықтарының ағынды сумен қамтамасыз ету жұмыстарының барысы талқыланды. Аталмыш кәсіпорнының су пайдалану бөлімінің басшысы Дархан Обділжігір баяндама жасады. Сондай-ақ, аудан бойынша халық үшін тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және қолға алуға арналған

тарифтерді бекіту туралы аудан әкімдігінің тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолшылар қолігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы Самат Рысбаев хабарлады. Сауран аудандық мәслихатының 2022 жылы 28 қаңтардағы №90 «Б» қорысуы Сауран аудандық мәслихат аппаратының мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың әдістемесін бекіту туралы» шешіміне өзгерістер мен толықтарулар енгізу туралы аудандық мәслихат аппаратының басшысы Мақсат Сейтханов баяндады. Күн тәртібіндегі қаралған мәселелер бойынша тиісті шешімдер қабылданды.

«Сауран-ақпарат».

Менің өлкем

Ұйымдастырушы: «Интеллектуалды жастар қауымдастығы» ҚҚ

Жоба бағыты: Тарихи-мәдени орындарды насихаттауға волонтерлерді тарту

Өңірі: Абай облысы, Семей қаласы

Жоба құны: 300 000 тг

Қамтылған волонтерлер саны: 299

Жоба жетекшісі: Жазитов Ануар Нұрбекұлы

Мақсаты: Жастар мен оқушылар өз өңіріндегі тарихи ескерткіштер туралы терең хабарда емес. Аталған мәселені шешуде қызығушылықтарын арттыру маңызды. Жоба мақсаты зияткерлік ойындар арқылы тарихи ескерткіштерді насихаттау. Семей қаласында және аудандардағы волонтерлерді зияткерлік ойындарды ұйымдастыруға оқыту және оқудан өткен волонтерлерге менторлық көмек көрсету.

Мазмұны:

- Облыстық онлайн зияткерлік сайыс ұйымдастыру;
- Онлайн және офлайн форматта - Үздік шыққан командалар арасында финалдық кезең ұйымдастыру;
- Үздік 30 жасты интеллектуал ойын ұйымдастыру бойынша оқудан өткізу;
- Менторлық көмек көрсету;

Нәтижесі:

- Арнайы дайындалған гугл форма арқылы онлайн форматта облыстың жастары тест сұрақтарын өтті. Тест сұрақтары облыстағы тарихи ескерткіштерді білуге бағытталды.
- Облыстың әр ауданы мен қалаларынан жиналған командалардың қатысуымен зияткерлік ойын өткізілді. Зияткерлік ойынға командалар атауын Абай Құнанбайұлының өмірі, шығармашылығы мен тарихына қатыстырып қойды.
- Облыстың аудандары мен қалаларынан келген жастар, оқушылар мен волонтерларға арнайы шеберлік сағаты ретінде ойын көрсетілді. Шеберлік сағаты барысында ойынды аудандарда қалай өткізу қажет, өлке тарихын таныстыруда маңызға ие тұстары туралы оқыту жүргізілді.
- Танымдық зияткерлік ойынды аудандарда өткізу тәжірибесі бастау алды. Алғаш болып менторлық қолдау нәтижесінде Үржар ауданында ойын өткізілді.







Бабадан қалған дана із

Ұйымдастырушы: «Ой бренд» қоғамдық қоры

Жоба бағыты: Ғылыми қалпына келтіру (реставрация) жұмыстарын жүргізу бойынша волонтерлік жобалар

Өңірі: Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы

Жоба құны: 300 000 тг

Қамтылған волонтерлер саны: 200

Жоба жетекшісі: Қуандық Сабыржан Бахытжанұлы

Мақсаты: Қазақтың пірі болған Марал ишан мазарына реставрация жұмыстарын жүргізу, өскелең ұрпақ арасында ата-баба аманатын насихаттау, бабалардан қалған дара ізді сақтап қалу, өңір жастарын волонтерлық жұмыстарға тарту.

Мазмұны:

- Марал ишан мазарына қалпына келтіру жұмыстарын жасау, жұмысқа волонтерлерді тарту және оларға өз өңірінің тарихын насихаттау;
- Көп тұрғынның қолы жете бермейтін тарихи орынға тегін экскурсия қызметі (Қорқыт ата мемориалды кешені) ұйымдастырылды, жасөспірімдер мен жастар ата-баба тарихы туралы мағлұмат алады;
- Қадырқұл ишан туралы тың деректерді ұсыну, ишан туралы жастар арасында насихаттау, ақпарат жинау, жастар мен оқушыларға серпін беру;

Нәтижесі:

- Марал Ишан кесенесіне реставрация жұмыстарын жасауға Қармақшы ауданының 100-ден аса ерікті тартылды. Волонтерлар кесене маңын күл-қоқыстан тазартып, айналасын сырлау, әктеу, қоршауларын бояу жұмыстарымен айналысты. Ауа-райының құбылмалылығы салдарынан кесененің бірнеше бөлігіне зақым келген. Волонтерлар жоба нәтижесінде кесененің зақым келген бөліктерін қайта жаңартты. Кесененің аймағы адам көп келетін аймақ болғандықтан қоқыстарға тез толып қалып жатады. Кесене орталықтан шалғай орналасқан соң көпшілік адам тазалық жұмыстарына бара бермейді. Волонтерлік жасақ арқылы бірнеше тоннаға дейін қоқыстарды шығару көзделді және іске асырылды.

- Жастар мен волонтер жастардың қатысуымен Қорқыт ата кешеніне экскурсия жүргізілді. Экскурсия барысында балалар мен жасөспірімдер Қорқыт ата мемориалдық мұражайындағы құнды жәдігерлер мен кешен аумағындағы соққан желмен үндескен қобыз ескерткішін, қазақ мифологиясындағы Көк тәңірінің олжасы мен теріс күштерден қорғаушы символы саналатын қошқар мүсінін, көне Рим дәуіріндегі архитектуралық құрылыс үлгісінде салынған амфитеатрды тамашалады.

- Қадырқұл Ишан атындағы шығармалар байқауы ұйымдастырылды. Байқауға 30 жас қатысып, сөз биігінде тартысқа түсті. Шығарманың ережесі мен өзектілігіне сай қатысушылар өз шығармаларын ұсынды. Шығарма байқауына қатысқан жастар алғыс хаттар, дәрежелі дипломдар және бағалы сыйлықтармен марапатталды.







Білгенге маржан

Ұйымдастырушы: «Білгенге маржан» қоғамдық қоры

Жоба бағыты: тарихи-мәдени мұраларға сәйкес мәселелерді шешуге немесе халық арасында кеңінен насихаттауға арналған технологиялық шешімдерді әзірлеу;

Өңірі: Абай облысы, Семей қаласы

Жоба құны: 300 000 тг

Қамтылған волонтерлар саны: 40

Жоба жетекшісі: Малгаждарова Айгерім Ерланқызы


Мақсаты: Қаламыздағы ескерткіштерге мониторинг жұмыстарын жүргізу, көп жағдайда ескерілмей жататын толық ақпараттары жоқ ескерткіштердің тарихын және қандай мән мағынаға ие екенін түсіндіру. Семей қаласы – Алаштың астанасы, Абай, Шәкәрім, Мұхтар туған мекен болғандықтан қаламызға қонақтар, туристер жиі келетіндіктен қаламыздағы ескерткіштерге үш тілдік ақпараты бар мобильді QR – код тақтайшалар орнату. Өткен тарихымызды дәріптеу және жоба барысынан бейнероликтер түсіру арқылы ескерткіштерді, жобаны насихаттау. Ескерткіштеріміздің, жәдігерлеріміздің жай күйін бақылау, қала тұрғындарына, қала қонақтарына ескерткіштеріміз туралы 3 тілде толық ақпарат беру.

Мазмұны:

- Арнайы волонтерлік топ құру;
- Ескерткіштер туралы 3 тілде толық ақпарат әзірлеу;
- Үш тілде ақпараты бар QR – код тақтайшалар орнату;
- Жоба барысынан видеоролик түсіру;

Нәтижесі:

Жоба аясында 40 волонтердің қатысуымен ескерткіштер жайлы ақпараттар жинақталып, мониторинг жұмыстары жүргізілді. Жинақталған мәліметтер негізінде 3 тілдегі ақпараты QR – код тақтайшалар орнатылды. Жұмыс барысы видеороликке түсіріліп, жоба насихатталды. Орнатылған QR – код тақтайшалар арқылы қала қонақтары, қала тұрғындары өздері қалаған тілде анық әрі нақты ақпараттар алып, ескерткіштер жайлы ақпараттар алды.





Жоба барысынан іс шаралар сілтемесі

№	Парақша атауы	Сілтеме	Қаралым
	semey_zhastar_ortalygy	https://www.instagram.com/p/Cu3VcesqUOj/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==	6744
	bilgengemarzhann	https://www.instagram.com/p/CvoWRz1NKhK/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==	201
	bilgengemarzhann	https://www.instagram.com/reel/Cvq6i2YtEan/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==	201
	bilgengemarzhann	https://www.instagram.com/reel/Cvq7EFANC8E/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==	201
	bilgengemarzhan.kz	https://instagram.com/bilgengemarzhan.kz?igshid=MzRIODBiNWF1ZA==	169

Өз Елімізде із қалдырмай “Sayahattime” - Путешествую по стране без оставления следа

Организатор: Санақбай Жанарай Сансызбайқызы

Направление проекта: волонтерские проекты по проведению реставрационных работ

Регион: Карагандинская Область. г.Караганда

Стоимость проекта: 300 000 тг

Количество охваченных волонтеров: 50


Цель: В Казахстане активно развивается этнотуризм. Люди проявляют интерес к сакральным местам, природным туристическим маршрутам. К сожалению, зачастую, отдыхая на природе, туристы оставляют после себя не только мусор, но и чудовищные надписи на скалах. Они смотрятся ужасно. Скалы – это жемчужины нашей степи, и они страдают от "творчества" недалёких людей. Надписи портят пейзаж и скрывают уникальную красоту природы. Наша основная цель это сохранить нашу природу в первозданном виде и добавить вклад в развитию нашего Казахтуризмаи благодаря данному проекту есть возможность улучшить этно-волонтерство в нашей стране.

Содержание:

- Отчистка скал от вандальных надписей как “сдесь был Саша и т.д.” в Каркаралинском районе Национальом парке Шайтанколь(черотово озеро)
- Установка табличек с призывами беречь природу, ведь мы обязаны передать землю нашим потомкам в первозданном виде (Каркаралинском районе Национальом парке Шайтанколь(черотово озеро)

Результат:

Добираться до место назначения было очень сложно так как в верх нужно было подниматься в верх около 7-10км но после того как увидели всю красоту открывается второе дыхание. После очистки скал которые портят вид мы увидели что наша природа Казахстана не сравнится ни с чем.



MobileHistory

Ұйымдастырушы: Намелбек Азамат Намелбекұлы

Жоба бағыты: Тарихи-мәдени орындарды насихаттауға волонтерлерді тарту

Өңірі: Жамбыл облысы, Тараз қаласы

Жоба құны: 300 000 тг

Қамтылған волонтерлар саны: 100

Мақсаты: Жамбыл облысындағы тарихи мәдени мұраларды волонтер гидтар мен Инстаграме Тик ток әлеуметтік желілері арқылы жастарға насихаттау. Волонтер гидтар, мобилографтар мен СММ мамандардың көмегімен Жамбыл облысындағы тарихи мұраларды әлеуметтік желінің көмегімен жастарға таныту.

Мазмұны:


- Instagram әлеуметтік желі пайдаланушыларына жобаның басталғандығы туралы анонс шығару;
- Жобаға қажетті құрал-жабдықтар сатып алу;
- Волонтерларды арнайы мобилография курсынан өткізу;
- Жоба барысында арнайы бэкстейдж түсіру;
- Тарихи мәдени мұралардың тарихы бойынша арнайы бейнероликтар мен посттарды әлеуметтік желіге жүктеу;

Нәтижесі:

- Жобаның басталғандығы туралы ақпараттарды әлеуметтік желілерге беру арқылы әлеуметтік желі пайдаланушылары жоба туралы ақпараттар ала алды.
- Құрал жабдықтарды сатып алу барысында жеке кәсіпкер сауда орталықтары мен онлайн дүкендердің бағасын салыстырып, бағасына сапасы сай келетін тауарлар сатып алынды.
- Мобилография курсы өткізуге Тараз қалалық «Жастар ресурстық орталығы» КММ мен Ш.Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты көмек берді. Айтар болсақ Қыран Талапбектің «Mobilography 6» атты онлайн курсы волонтерларға көрсету үшін Тараз қалалық «Жастар ресурстық орталығы» КММ «Coworking» залын және Ш.Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты кинозалдарын берген болатын. Серіктестердің көмегінің арқасында волонтерлар мобилографияның базалық техникаларын және нюанстарын білген болатын.
- Жобаның ұйымдастырылу барысына серіктестер мен Тараз қаласының белсендері жастары атсалысты. Серіктестер іс-шаралар өтетін

орындармен қамтамасыз етсе, жастар іс-шаралардың ұйымдастырылуына көмек берді.

- Арнайы бейнероликтарды түсіру барысында волонтерлар мен мобилографтар бірге жұмыс істеп тарихи орындар әлеуметтік желіде жаңа қырымен танылды. Тараз қаласындағы Қайрат Рысқұлбеков, Жеңіс саябағы, Тектұрмас этно мәдени кешені, Көне Тараз тарихи этномәдени кешені бойынша бейнероликтер түсірілді. Бейнероликтерді түсіру барысында, қазіргі уақытта трендтегі жасанды интеллект қолданылды. Жасанды интеллект Тараз қаласын әр түрлі стилдерде сәндеп жаңа қырынан көрсетті. Айтар болсақ Жапон, Италия, Англия және Лего стилдерінде көрсетті.



Әбілқайыр хан кесенесіне апарар жол

Ұйымдастырушы: Прмаганбетов Айдын Нурлыбекович

Жоба бағыты: тарихи-мәдени мұраларға сәйкес мәселелерді шешуге немесе халық арасында кеңінен насихаттауға арналған технологиялық шешімдерді әзірлеу.

Өңірі: Ақтөбе облысы, Әйтеке би ауданы, Толыбай ауылы Әбілқайыр хан мемориалдық кесенесі.

Жоба құны: 300 000 тг

Қамтылған волонтерлар саны: 50

Мақсаты: Ақтөбе облысында Кіші жүздің соңғы ханы Әбілқайыр хан жерленген. Бірақ кесенеге апарар жол ескі шөп өсіп кеткен, ешбір белгі жоқ жерде орналған. Елді мекеннен 90 шақырым жерде ен далада орналасқан. Ол жерге тек жолды білетін тұрғындарды ертіп бармаса кез келген адам таба алмай адасып кетеді. Әбілқайыр хан мен қай жерде өлсем сол жерге жерлендер дегесін хан өлген Өлкейік өзенінің бойына жерлеген. Хан кесенесіне барар жолда 12 айрық яғни екі жаққа бұрылатын жол кездеседі. Кесенеге барушылар сол айрық жолдан қайда бұрыларын білмей адасып, жете алмай жатады. Біз жоба барысында хан кесенесіне баратын кез келген адам адаспай табатындай етіп, айрық жолдарға белгі бағыт қондыратын боламыз. Соның арқасында хан кесенесіне бару оңай болады.

Мазмұны:

- Алдымен топ мүшелеріне жоспарды нақтылау мақсатында жиналыс жасалады;
- Қажетті заттарды сатып аламыз;
- ТОО Құмқұдық ЖШС-нің сваршигін жобаға волонтер болуға шақырып, арнайы бағыт көрсететін белгілерді жасауға кірісеміз;
- Дайын болған бағыт көрсетушіні бояу жұмыстарын жүргізетін боламыз;
- Кейін жолды білетін ауыл азаматтарын жинап, жобаға волонтер болуға шақырамыз;
- Жол талғамайтын көліктері бар ауыл азаматтарына жолығып кесенеге апарып қайтуға, волонтер болуға шақырамыз;
- Волонтерлармен барлық белгілерді алып, кесенеге барар жолға бағыттаушы белгілерді орнату жұмысын бастаймыз;
- Волонтерлармен жұмысты аяқтап, кесенеге барып, кесене басында отырған шырақшыларды қолдау мақсатында дастархан ұйымдастыратын боламыз;

- Кесене басындағы үйде жобаға волонтер болған ауыл азаматтарына сыйлық беріп, кесене басындағы үйге Жобадан естелік ретінде картина сыйлайтын боламыз;

- Барлық ақпаратты әлеуметтік желіге саламыз;

Нәтижесі:

- Топтың барлық мүшелеріне жобаны жүргізу үшін жиналыс жасалынып, жоба сметасына сәйкес жобаға қажетті заттарды сатып алынды.

- ТОО «Құмқұдық» ЖШС нің сварщикін жобаға волонтер ретінде шақырып, бағыттаушы белгілерді жасадық.

- Дайын болған бағыт көрсетушіні бояу жұмыстарын жүргіздік.

- Кесенеге барар жолды білетін ауыл азаматы Кенжебек ағай өз көлігімен кесенеге барлық волонтерларды апарып қайтты.

- Волонтерлармен бірге Әбілқайыр хан кесенесіне барар жолға арнайы бағыт көрсететін белгілер орнаттық.

- Волонтерларға таңғы, түскі, кешкі ас беріп, дастархан ұйымдастырдық.

- Жобаға волонтер болған еріктілерге естелік ретінде ерлерге арналған набор сыйлап, кесене басындағы шырақшы отырған үйге картина сыйға тарттық.









Бүгінгінің көзі, ертеңгі күннің тарихы

Ұйымдастырушы: Төлеуова Гүлшат Күмісбайқызы

Жоба бағыты: ғылыми қалпына келтіру (реставрация) жұмыстарын жүргізу бойынша волонтерлік жобалар

Өңірі: Маңғыстау облысы Жаңаөзен қаласы

Жоба құны: 300 000 тг

Қамтылған волонтерлар саны: 40

Мақсаты: Маңғыстау облысы, Түпқараған ауданы, Аташ кенті тарихи жер ескіріп, ауа-райының өзгеруінің әсерінен кірпіштері түсіп жатыр(мысалға шаңды жел, кей кездері нөсер жауын, кей кездері ыссып). Соның салдарынан тарихи жеріміздің тастары түсіп қараусыз жатыр. Айналасындағы талдар қурап қалған. Соларға талдар егіп қайтадан қалпына келтіруді мақсат еттік.

Мазмұны:

- Маңғыстау облысы Түпқараған ауданның әкімдігімен кездесу;
- Тазалық мекемесінің басшымен кездесіп қызметкерлерді сұрау;
- Білім бөліміне жүгініп оқушы және студенттерді сұрау;
- Көбес Захар Кузмич Дубский тарихи жерін тазалап, әктеп сылау жұмыстарын жүргізу;
- Талдар отырғызып, маңайына орындықтар орнату;

Нәтижесі:

Маңғыстау облысы Түпқараған ауданның әкімдігінен рұқсат алғаннан кейін, тазалық мекемесінің басшымен кездесіп қызметкерлерді сұрадық. Ауылдан жәрдем береміз деген волонтер жастар да қосылды. Білім бөліміне жүгініп оқушы және студенттерді сұрадық. Көбес Захар Кузмич Дубский тарихи жерін тазалап, әктеп сылау жұмыстарын жүргізілді. Талдар отырғызылып, маңайына орындықтар орнатылды.





Забывший батыр – Хаджимукан Мунайтпасов

Организатор: Общественное объединение «Эра-KZ»

Направление проекта: Разработка технологических решений по проблемам историко-культурного наследия или по популяризации среди населения

Регион: город Шымкент

Стоимость проекта: 300 000 тг

Количество охваченных волонтеров: 110

Руководитель проекта: Таштемирова Зарина Рамазановна

Цель: популяризация и восстановление памяти историко-культурного наследия казахстанского батыра, мирового чемпиона и феноменально сильного человек Хаджимукан Мунайтпасова, известного на весь мир и завоевавшим несколько сотен наград. Нашим проектом мы хотим возобновить память о данном Герое, о его заслугах и историческому вкладу в развитие как казахстанского спорта, культуры, и популяризацию среди молодежи и граждан Казахстана о исторических национальных культурных памятников.

Содержание:

- Будет снят 5 минутный видеофильм, целью которого будет пропаганда и популяризация культурно-исторического наследия, которое оставил данный герой;
- В музее Ордабасинского района, поселка Темирлан посвященному Хаджимукану Мунайтпасовому будет установлен QR – код на памятнике Хаджимукана Мунайтпасова;
- Установке QR – код в котором будет выложено биография, исторические заслуги и отснятый видеофильм о наследие данной исторической личности;
- Показ отснятого и готовного видеоролика для 10 волонтеров по проекту и подготовка двух гидов, которые будут свободно владеть информации по культурно-историческим объектам данной территориальной области;

Результат:

- В рамках данного мероприятия был снят документальный фильм про жизнь и достигнутые успехи великого батыра, мастера спорта, патриота своей страны Хаджимукана Мунайтпасова. В рамках данного проекта была произведена экскурсия в музей Х.Мунайтпасова для достоверного составления сюжета фильма. В качестве основных документов выступали подлинные артефакты из жизни великого героя (письма, записки, вырезки и газет и т.д. то что находилась в музее). Данный фильм был выпущен и загружен в свободным доступе.

- Разработанный QR – код был установлен и передан музею. Так же в качестве долгосрочного результата, данный QR – код до конца 2023 года будет разослан государственным учреждениям Туркестанской области для ознакомлением и распространением данного документального фильма.

- В рамках данного проекта произведено обучающее среди 12 человек по подготовке работе гидов, были рассмотрены основные достопримечательности Туркестанской области, в частности и музей Х.Мунайтпасова с целью сохранения культурно-исторического наследия Казахстана.

- В рамках данного мероприятия была проведена профессиональная подготовка гидов, освещены вопросы теоритической и практической составляющей работы гида, в частности достопримечательности Туркестанской области, туристических маршрутов и достопримечательностей. Гидам были разданы рюкзаки с оснащением.



Қажымұқан
Мұнайтпасұлы





